

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- **«Күзгі асар» жәрмеңкесі**
- **Мамандықтар әлемі**
- **Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым**
- **«Мамандық марафоны» конкурсы**



«Күзгі асар» жәрмеңкесі

Қазан

Білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғатының көркем сыйларын пайдалана отырып, ата-аналармен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізу

Жауаптылар:

- **Тәрбиешілер/ сынып жетекшілері**



Мамандықтар әлемі

Жыл бойы

Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу

Ұсынылады:

- Жергілікті атқарушы органмен және басқада мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әрекет ету

Жауаптылар:

- Пән мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары




Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым

Жыл бойы

Білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат дайындауы және мектептің әлеуметтік желілерде жариялауы

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер/ кәсіптік бағдарлаушы



«Мамандық марафоны» конкурсы

Қаңтар

Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс (WorldSkills халықаралық конкурсына дайындық). Қатысушылар өзінің шеберлігін көрсетеді (мысалы, бұйым жасау барлық жағдайда ағаш)

Ұсынылады:

- конкурс сарапшыларына әртүрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тарту

Жауаптылар:

- Көркем еңбек, Информатика пәндерінің педагогтері



«Бекітемін»
№ 5 мектеп-лицей директоры
_____ Т. Дүйсенбаев
«___» _____ 2025 ж.

«№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КММ
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылы

«Бекітемін»
№ 5 мектеп-лицей директоры
Б.Дуйсенбаев
«__» қазан 2025 ж.

«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша жылдық жоспары

Іс шара атауы	Мақсаты	Құндылығы	Қатысушылар	Мерзімі
«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Білім алушыларға адал еңбектің маңыздылығын дәріптеу	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	ДТІЖО Кәсіби бағдар беруші Т.Тастаева 1-11 сынып	Қазан
«Мамандықтар » марафоны				Қаңтар
«Мамандықтар әлеміне саяхат» мамандықтар иесімен кездесулер				Жыл бойы

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында күзгі асар жәрмеңкесі өтті.

Іс-шара атауы: «Еңбегі адал – жас өрен»
Форматы: күзгі асар жәрмеңкесі
Мерзімі:20-21 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар:5-7 сынып оқушылары
Жауапты: А.Алиев,А.Меңлибаева, И.Қуанышбек.

Мақсаты:

Оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;
Өз қолымен еңбек етіп, оның нәтижесіне қуана білуге үйрету;
Оқушылардың еңбек мәдениетін қалыптастыру және пайдалы істерге ынталандыру.

Өткізілу барысы:

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар жәрмеңкесі» өткізілді. Іс-шараға оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер белсенді түрде қатысты.

Жәрмеңке аясында:

Оқушылар мен ата-аналар өз қолдарымен дайындалған тағамдар, тәттілер, сусындар және түрлі қолөнер бұйымдарын ұсынды;
Әр сынып өзіндік ерекше безендіру, ұсыныс жасау және ұйымдастыру шеберліктерін көрсетті;
Сатылымнан түскен қаржының қайда жұмсалатыны туралы алдын ала түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, еңбек пен бірліктің маңызын тәжірибеде сезінді.
Іс-шара достық, ұйымшылдық және еңбек нәтижесін бағалай білу атмосферасында өтті.

Нәтижесі:

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артып, өз қолымен жасаған еңбектің қадірін түсінді;
Еңбекке, кәсіпкерлікке, жауапкершілікке деген қызығушылықтары мен дағдылары дамыды;
Мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланыс нығайып, ортақ іс жасау мәдениеті қалыптасты;
Оқушылар қоғамға пайдалы іс-шараларға қатысу арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдірді;

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасының мектептегі тәрбиелік маңызы тереңдей түсті.




МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ТОҚҰЖАТЫ











АНЫҚТАМА

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар марафоны» ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шара атауы: «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы
Тақырыбы: Мамандықтар марафоны
Мерзімі: 8 қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 9–11 сынып оқушылары
Жауаптылар:А. Алиев, А. Менлибаева

Мақсаты:
Оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу, болашақ мамандықты саналы таңдауға бағыт-бағдар беру, еңбекке құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Өткізілу барысы:
Мамандықтар марафоны барысында оқушыларға түрлі сала мамандықтары таныстырылып, олардың қоғамдағы рөлі мен маңызы туралы ақпарат берілді. Оқушылар өз қызығушылықтарына сәйкес мамандықтар жайлы мәлімет алып, пікір алмасуға белсенді қатысты.
Іс-шара барысында еңбек адамының беделі, адал еңбектің құндылығы және кәсіби жауапкершілік мәселелері кеңінен қамтылды. Тәрбиелік бағыттағы сұхбаттар мен танымдық тапсырмалар ұйымдастырылды.

Нәтижесі:
– Оқушылардың мамандықтар туралы танымдық көкжиегі кеңейді;
– Еңбекке, адалдыққа және жауапкершілікке деген көзқарастары қалыптасты;
– Болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылықтары артты;
– Оқушылардың белсенділігі мен өз пікірін еркін білдіру дағдылары дамыды.

Аталған іс-шара «Еңбегі адал – жас өрен» жобасының мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етіп, мектептегі тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттырды


ПЕРСПЕКТИВА
ПИРОГРАФИЯ




«МАМАНДЫҚТАР»


Іле Алатауы

АНЫҚТАМА

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар әлеміне саяхат» тақырыбында мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шара атауы: «Еңбегі адал – жас өрен»
Тақырыбы:«Мамандықтар әлеміне саяхат» – мамандық иелерімен кездесулер
Мерзімі: 13 қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 9–11 сынып оқушылары
Жауаптылар: А.Алиев, А. Менлибаева,Т.Тастаева


Мақсаты:
Оқушыларды түрлі мамандық иелерімен таныстыру, болашақ мамандықты саналы таңдауға бағыт-бағдар беру, еңбексүйгіштікке, адалдыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу.
Өткізілу барысы:
Кездесу барысында әртүрлі салада қызмет атқаратын мамандар өздерінің еңбек жолы, кәсіби тәжірибесі және мамандықтарының қоғамдағы маңызы туралы кеңінен әңгімеледі. Оқушылар мамандықтардың ерекшеліктері, қажетті дағдылар мен білім туралы ақпарат алып, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.
Іс-шара еркін пікір алмасу форматында өтіп, оқушылардың белсенді қатысуымен ұйымдастырылды.
Нәтижесі:
– Оқушылардың мамандықтар туралы таным-түсінігі кеңейді;
– Болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылықтары артты;
–Еңбекке, адалдыққа және кәсіби жауапкершілікке деген көзқарастары қалыптасты;
– Оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамыды.

Аталған іс-шара «Еңбегі адал – жас өрен» жобасының аясында жүргізілген тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін арттырып, оқушылардың кәсіби бағдарлануына оң ықпал етті.

https://www.facebook.com/share/p/1Apj6fhb4Q/



https://www.facebook.com/share/p/1CnUxnbx6o/



https://www.facebook.com/share/r/1F1fRwwSbK/X/




«МАМАНДЫҚТАР»

